

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің кейбір мәселелері және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 5 қазандағы № 349 Жарлығы. 1-тармақтың 4) тармақшасын қоспағанда, күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 22 шілдедегі № 74 Жарлығымен.

Ескерту. 1-тармақтың 4) тармақшасын қоспағанда, күші жойылды - ҚР Президентінің 22.07.2019 № 74 Жарлығымен.

Қазақстан Республикасының Президенті
мен Үкіметі актілерінің жинағында
жариялануға тиіс

"Қазақстан Республикасының Президенті туралы" 1995 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 17-1-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына және "Құқық қорғау қызметі туралы" 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабы 8-тармағына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі туралы ереже;
- 2) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің құрылымы;
- 3) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросының (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің) лауазымдарының және оларға сәйкес келетін шекті біліктілік сыныптарының тізбесі ("Қызмет бабында пайдалану үшін" белгісімен);

4) Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

2. Осы Жарлық кол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Н.Назарбаев
Қазақстан Республикасы
Президентінің
2016 жылғы 5 қазандағы
№ 349 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі туралы

ЕРЕЖЕ

1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - 24.01.2019 № 828 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (бұдан әрі - Агенттік) Қазақстан Республикасы Президентіне тікелей бағынатын және есеп

беретін, мемлекеттік қызмет саласында басшылықты, мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасына бағалау және мемлекеттік бақылау жүргізетін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектерде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу бойынша басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады.

2. Агенттіктің ведомствосы - Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросы (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет), сондай-ақ облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда, астанада аумақтық органдары бар.

3. Агенттік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Агенттік мемлекеттік мекеменің ұйымдастыру-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауымен мөрі және мөртабаны, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Агенттік азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Агенттік, егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы бола алады.

7. Агенттік өз құзыретінің мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Агенттік төрағасының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Агенттіктің құрылымы мен штат санын Агенттік төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

9. Агенттіктің заңды мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Абай даңғылы, 33а.

10. Агенттіктің толық атауы - "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже Агенттіктің құрылтай құжаты болып табылады.

12. Агенттіктің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

13. Агенттікке кәсіпкерлік субъектілерімен Агенттіктің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Агенттікке кіріс әкелетін қызмет атқаруға заңнамалық актілермен құқық берілсе, онда сол қызметтен келген кіріс мемлекеттік бюджет кірісіне жолданады.

2-тарау. Агенттіктің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - 24.01.2019 № 828 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

14. Агенттіктің миссиясы: мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және мемлекеттік бақылау салаларында бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыру.

15. Міндеттері:

1) мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және мемлекеттік бақылау салаларында мемлекеттік саясатты әзірлеу және іске асыру;

2) мемлекеттік органдардың, ұйымдардың мемлекеттік қызмет туралы заңнаманы сақтау, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды барынша азайту, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңнаманы сақтау мәселелеріндегі қызметін үйлестіру;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жүйесін қалыптастыру.

16. Орталық аппараттың функциялары:

1) мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл салаларында стратегиялар мен бағдарламалар әзірлеу және іске асыру;

2) өз құзыреті шегінде мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы мемлекеттік саясаттың іске асырылуын қамтамасыз ету;

- 3) мемлекеттік саяси қызметшілердің қызметін бағалауды жүзеге асыратын уәкілетті адамдардың тізбесін әзірлеу;
- 4) мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру мен қайта даярлау құнын есептеу әдістемесін бекіту;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және мемлекеттік бақылау салаларында нормативтік-құқықтық актілер әзірлеу және қабылдау;
- 6) Агенттіктің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мемлекеттік қызметшілерге және азаматтарға консультация беру;
- 7) мемлекеттік органдарда персоналды басқару бойынша мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін және электрондық түрде көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді қоспағанда, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалауды жүзеге асыру;
- 8) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте ғылыми-зерттеу, оқу, баспа қызметтерін үйлестіру;
- 9) мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша халықаралық шарттар жобаларын дайындау, мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шет мемлекеттердің тиісті органдарымен өзара іс-қимыл, өз өкілеттіктері шегінде халықаралық ұйымдардың қызметіне қатысу;
- 10) Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және мемлекеттік бақылау салаларындағы нормативтік-құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу;
- 11) мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, мемлекеттік қызметтер көрсету салаларында басқа мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл;
- 12) мемлекеттік қызметшілерге еңбекақы төлеу, олардың әлеуметтік-құқықтық қорғалуы жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- 13) мемлекеттік қызмет персоналы бойынша бірыңғай автоматтандырылған дерекқорды (ақпараттық жүйені) қалыптастыру бойынша жалпы үйлестіруді қоса алғанда, мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілердің, сондай-ақ мемлекеттік қызметтің мемлекеттік саяси және әкімшілік лауазымдарының кадр құрамы жай-күйінің мониторингін жүргізу;
- 14) мемлекеттік органдардың мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді, оның ішінде шет елдерде даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіру;
- 15) мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру мәселелері бойынша мемлекеттік тапсырысты қалыптастыру мен орналастыруды үйлестіру;
- 16) мемлекеттік тапсырыс негізінде мемлекеттік қызметшілерді даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру бағдарламалары бойынша оқуды аяқтаған адамдардың мемлекеттік қызметті өткеруіне мониторинг жүргізу;
- 17) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді, мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға кандидаттарды және құқық қорғау қызметіне кіретін азаматтарды тестілеудің тәртібін, бағдарламаларын айқындау, сондай-ақ оны ұйымдастыру;
- 18) мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға арналған конкурстарды өткізу тәртібін айқындау;
- 19) орталық мемлекеттік органда не оның ведомствосында, сондай-ақ орталық мемлекеттік органның немесе оның ведомствосының аумақтық бөлімшесінде не жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органда төменгі емес, "Б" корпусының бос және (немесе) уақытша бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасу үшін жалпы конкурс өткізуді келісу және келісу тәртібін айқындау;
- 20) тест рәсімдерінен алдын ала өткен және уәкілетті орган белгілеген мәндерден төмен емес нәтижелері бар азаматтардың жеке қасиеттеріне бағалау жүргізу тәртібін айқындау;
- 21) азаматтардың жеке қасиеттеріне бағалауды оның тиісті қорытындысының нәтижесін бере отырып жүргізу;
- 22) министрліктер мен орталық мемлекеттік органдардың жауапты хатшыларының және аппарат басшыларының мәртебесі мен өкілеттіктерін айқындайтын актілерді әзірлеу және Қазақстан Республикасының Президентіне бекітуге ұсыну;
- 23) "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметінің кадр резервін қалыптастыру;

- 23-1) белгіленген біліктілік талаптарына сай келетін "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына конкурс өткізілместен орналасуы мәселелерін келісу;
- 24) мемлекеттік әкімшілік лауазымдар санаттарына қойылатын үлгілік біліктілік талаптарын әзірлеу және бекіту;
- 25) мемлекеттік органдар әзірлейтін "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарын, кандидаттың қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі бөлігінде "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына тағайындауларды, сынақ мерзімінен өтпеген мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді қызметінен босатуды келісу;
- 26) сынақ мерзімінен өту тәртібі мен шарттарын және тәлімгерлерді бекіту тәртібін айқындау;
- 27) мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің тағылымдамадан өтуі тәртібін айқындау;
- 28) мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің тағылымдамадан өтуін ұйымдастыру бойынша мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіруді жүзеге асыру;
- 29) құқық қорғау органдарының конкурс негізінде орналасатын лауазымдарының тізбесін, құқық қорғау органдарында конкурс және тағылымдама өткізудің шарттары мен тәртібін, сондай-ақ құқық қорғау органдары лауазымдарының санаттарына біліктілік талаптарын келісу;
- 30) мемлекеттік әкімшілік қызметшінің лауазымдық нұсқаулығын әзірлеу мен бекіту тәртібін айқындау;
- 31) персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) туралы үлгілік ережені бекіту;
- 32) мемлекеттік әкімшілік қызметтің кадрлық іс жүргізу құжаттарының үлгілік нысандарын әзірлеу мен бекіту;
- 33) "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерімен еңбек шартын жасасу, ұзарту және бұзу тәртібін айқындау;
- 34) мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізілімін әзірлеу және Қазақстан Республикасының Президентіне бекітуге ұсыну;
- 35) "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесін, сондай-ақ "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың үлгілік әдістемесін бекіту;
- 36) мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасын бұзу, сондай-ақ қызметтік әдепті сақтау мәселелері бойынша әрекеттері (әрекетсіздігі) мен шешімдеріне жеке және заңды тұлғалардың шағымдарын қарау;
- 37) мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызмет саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдепті сақтауына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;
- 38) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметшілерге қатысты тәртіптік істерді қарау;
- 39) мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің тәртіптік істерін қарау жөніндегі мемлекеттік органдардың тәртіптік комиссияларының жұмысын үйлестіру;
- 40) әдеп жөніндегі уәкілдің қызметін үйлестіру және әдіснамалық қамтамасыз ету;
- 41) персоналды басқару қызметін (кадр қызметі) үйлестіру және әдіснамалық басшылық қызметін жүзеге асыру;
- 42) мемлекеттік қызмет саласындағы заңнаманы және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін бұзып қабылдаған шешімдерінің күшін жою туралы лауазымды адамдар мен мемлекеттік органдарға ұсыныстар енгізу;
- 43) мемлекеттік органдарға мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша тексеру нәтижелерінде анықталған бұзушылықтарды жою туралы өз құзыреті шегінде қаралуы міндетті ұсынулар енгізу;
- 44) жыл сайынғы Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызметтің жағдайы туралы ұлттық баяндаманы қалыптастыру және оны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен енгізу;
- 45) мемлекеттік қызметшілердің Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына, шетелдегі мекемелеріне және өзге де ұйымдарға іссапарға баруы тәртібін әзірлеу;
- 46) лауазымдық жалақы белгілеуге құқық беретін мемлекеттік қызметшілердің жұмыс өтілін есептеу тәртібін әзірлеу;
- 47) "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері үшін мансаптық жоспарлау тәртібін әзірлеу;

- 48) мемлекеттік органдар, ұйымдар және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау;
- 49) азаматтық қоғам институттарымен және мемлекеттік органдармен қоғамдағы сыбайлас жемқорлық деңгейін барынша азайтуға бағытталған өзара іс-қимыл;
- 50) Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына мемлекеттік органдар, ұйымдар және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметінде сыбайлас жемқорлықтың туындау себептері мен жағдайларын барынша азайту және жою бойынша ұсынымдар енгізу;
- 51) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдауды жүзеге асыру;
- 52) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдау нәтижелері бойынша шығарылған, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі ұсынымдарды мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің орындауын мониторингтеу;
- 53) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы білім беру бағдарламаларын іске асыруға және жетілдіруге қатысу, халықты сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туралы хабардар етуді арттыру;
- 54) жыл сайынғы Қазақстан Республикасындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ұлттық баяндаманы қалыптастыру және оны Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте енгізу;
- 55) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны іске асыру бойынша жүргізілген мониторинг және жоспарлы іс-шаралардың орындалуына бақылау туралы жиынтық ақпаратты қалыптастыру және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізу;
- 56) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің ішкі талдауын өткізудің үлгілік тәртібін айқындау;
- 57) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың оң тәжірибесін зерделеу және тарату;
- 58) сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру және тәрбиелеу, ақпараттық және түсіндіру қызметі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орындау бойынша білім беру бағдарламаларын іске асыруда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілеріне жәрдемдесу және әдістемелік көмек көрсету;
- 59) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу тәртібін айқындау;
- 60) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде белгіленген тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамалар толтыру және істерді қарау;
- 61) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын ішкі бақылау нәтижелері туралы ақпарат сұрату;
- 62) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;
- 63) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына қоғамдық мониторинг өткізу бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыру және іске асыру;
- 64) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- 65) жеке тұлғаларға және коммерциялық емес ұйымдарға мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына қоғамдық мониторинг жүргізу жөнінде ақпараттық, консультациялық, әдістемелік қолдау көрсету;
- 66) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 67) ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау әдістемесін әзірлеу және бекіту;
- 68) Қазақстан Республикасының заңнамасында жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

Ескерту. 16-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 12.06.2017 № 498 Жарлығымен.

17. Ведомствоның функциялары:

- 1) сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтардың анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу;
- 2) сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша тәркіленген және қылмыстық жолмен алынған қаражатқа сатып алынған мүліктің өткізілуіне мониторингті, мүлікті мемлекет кірісіне айналдыру туралы ақпаратты әдетте кейіннен жариялай отырып жүзеге асыру;
- 3) жыл сайынғы Қазақстан Республикасындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ұлттық баяндаманы дайындауға қатысу;
- 4) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны іске асыру бойынша жүргізілген мониторинг және жоспарлы іс-шаралардың орындалуына бақылау туралы жиынтық ақпаратты қалыптастыруға қатысу;
- 5) сыбайлас жемқорлық қылмыстар бойынша жедел-ізвестіру және тергеу қызметінің, сотқа дейінгі тергеу практикасының талдауын жүргізу;

6) мемлекеттік органдарға, ұйымдарға және оларда басқарушылық функцияларды орындайтын адамдарға мән-жайларды немесе заңды басқа да бұзушылықтарды Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасында белгіленген тәртіппен жою жөнінде шаралар қабылдау туралы ұсыныстар енгізу;

7) ұсталған және қамауға алынған адамдарды айдауылмен алып келу;

8) арнаулы мемлекеттік архивтегі архивтік құжаттарды жинақтауды (сатып алуды), тұрақты сақтауды және пайдалануды жүзеге асыру;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

18. Агенттіктің құқықтары мен міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының Президентіне мемлекеттік қызметті және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесін жетілдіру, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау мен мемлекеттік бақылау мәселелері бойынша ұсыныстар енгізу;

2) мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, лауазымды адамдардан Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қажетті ақпараттар мен материалдарды сұрату және алу;

3) мемлекеттік қызмет, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына жасалатын мемлекеттік бақылау мәселелері бойынша тексерістер өткізу, мемлекеттік органдармен келісім бойынша тексерістер өткізуге олардың қызметкерлерін тарту;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша тексерістер нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы өз құзыреті шегінде орындауға міндетті ұсынуларды мемлекеттік органдарға енгізу;

5) мемлекеттік қызмет туралы, мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Қазақстан Республикасының заңнамаларын бұзушылықтар анықталған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте шаралар қабылдау;

6) Агенттіктің, оның аумақтық органдары мен ведомствоға қарасты ұйымдарына қатысты мәселелер бойынша нормативтік құқықтық актілер әзірлеу;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, уәкілетті органдар мен лауазымды адамдардан ревизиялар, салықтық және басқа да тексерулер, аудит және қызмет тиімділігіне бағалау жүргізу туралы ұсыныстар енгізу;

8) Агенттікке және оның аумақтық органдарына жүктелген міндеттердің шешілуін қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелер құру және пайдалану;

9) Агенттік қызметінің басты бағыттары бойынша басқа да мемлекеттік органдармен, ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

3-тарау. Агенттік қызметін ұйымдастыру

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - 24.01.2019 № 828 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

19. Агенттікті басқаруды Агенттік төрағасы (бұдан әрі - төраға) жүзеге асырады, ол Агенттікке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз функцияларын жүзеге асыруына дербес жауаптылықта болады.

20. Төрағаны Қазақстан Республикасының Президенті лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады.

21. Қазақстан Республикасының Президенті Төрағаның ұсынуы бойынша лауазымға тағайындайтын және лауазымнан босататын екі орынбасары болады.

22. Төрағаның өкілеттіктері:

1) Агенттіктің жұмысын ұйымдастырады және басшылық жасайды, Агенттіктің аумақтық органдары мен ведомствоға қарасты ұйымдарының қызметіне бақылауды жүзеге асырады;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ведомствоның қызметіне басшылық жасайды және үйлестіреді;

3) өз орынбасарларының және аппарат басшысының өкілеттіктерін айқындайды;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте Агенттіктің қызметкерлерін, Агенттіктің аумақтық органдары басшыларын, олардың орынбасарларын, сондай-ақ ведомствоға қарасты ұйымдардың басшыларын лауазымға тағайындайды және лауазымынан босатады;

- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ведомствоның, оның аумақтық органдарының кадр мәселелерін шешудің тәртібін бекітеді;
- 6) ведомствоның өзге мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл тәртібін айқындайды;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Агенттіктің және оның ведомствосының еңбек қатынастары мәселелері оның құзіретіне кіретін жұмыскерлеріне (қызметкерлеріне) тәртіптік жазалар қолданады және көтермелеу шараларын қабылдайды;
- 8) Қазақстан Республикасының Президентіне Агенттіктің және оның ведомствосының, олардың аумақтық органдарының және ведомствоға қарасты ұйымдарының жұмыскерлерін (қызметкерлерін) мемлекеттік наградалармен марапаттау және оларға Қазақстан Республикасының құрметті атақтарын беру туралы ұсыныстар енгізеді;
- 9) біліктілік сыныптарды белгілеуді келіседі;
- 10) Агенттіктің құқықтық және нормативтік құқықтық актілеріне қол қояды, бағынысты қызметкерлеріне нұсқаулар мен тапсырмалар береді, Агенттіктің құзіретіне жататын мемлекеттік функцияларды жүзеге асыру бойынша өзге де ұйымдастыру-өкімдік шараларын қабылдайды;
- 11) Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің келісімімен Ведомство және оның аумақтық органдары туралы ережені бекітеді;
- 12) Агенттіктің аумақтық органдары туралы ережелерді бекітеді;
- 13) Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен жалпы штат санының лимиті шегінде Агенттіктің аумақтық органдарының, ведомствосының және оның аумақтық органдарының құрылымын бекітеді;
- 14) Агенттіктің атынан мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен қарым-қатынастарда Қазақстан Республикасының заңнамаға сәйкес өкілдік етеді;
- 15) Агенттіктің жанынан консультативтік-кеңесші органдар құрады;
- 16) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Агенттіктің бірінші басшысы болмаған кезде оның өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

23. Агенттік аппаратын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымынан босатылатын аппарат басшысы басқарады.

24. Ведомство жедел-іздістіру қызметін, сотқа дейінгі іс жүргізу және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді жүзеге асырады және өзіне жүктелетін міндеттер мен функцияларды орындау үшін толықтай барлық жауапкершілікті алады.

25. Агенттіктің облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда, астанада алқалы орган болып табылатын Әдеп жөніндегі кеңестері болады, олар туралы Ережені Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 04.08.2018 № 723 Жарлығымен.

4-тарау. Агенттіктің мүлкі

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - 24.01.2019 № 828 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

26. Агенттіктің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.

Агенттіктің мүлкі мемлекет оның меншігіне берген, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздерден, өз қызметінің нәтижесінде алынған мүлік есебінен (ақша кірістерін қоса алғанда) құралады.

27. Агенттікке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

28. Агенттіктің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша берілген қаражат есебінен алынған мүлікті, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, өз бетінше иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуіне құқығы жоқ.

5-тарау. Агенттікті қайта ұйымдастыру және тарату

Ескерту. 5-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - 24.01.2019 № 828 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

Агенттікті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Агенттік қарамағындағы ұйымдар тізбесі

Ескерту. Тізбенің тақырыбы жаңа редакцияда - 24.01.2019 № 828 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

- 1) "Мемлекеттік қызметтің персоналын басқару ұлттық орталығы" акционерлік қоғамы;
- 2) "Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

Агенттіктің аумақтық органдарының тізбесі

Ескерту. Тізбенің тақырыбы жаңа редакцияда - 24.01.2019 № 828 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 04.08.2018 № 723 Жарлығымен.

- 1) "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Ақмола облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі;
- 2) "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Ақтөбе облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі;
- 3) "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Алматы облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі;
- 4) "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Атырау облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі;
- 5) "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі;
- 6) "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Жамбыл облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі;
- 7) "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі;
- 8) "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Қарағанды облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі;
- 9) "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Қостанай облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі;
- 10) "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Қызылорда облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі;
- 11) "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Маңғыстау облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі;
- 12) "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Павлодар облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі;
- 13) "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі;
- 14) "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Түркістан облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі;
- 15) "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Астана қаласы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі;
- 16) "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Алматы қаласы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі;
- 17) "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Шымкент қаласы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

Агенттіктің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросының (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің) аумақтық органдарының тізбесі

17) "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросының (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің) Шымкент қаласы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2016 жылғы 5 қазандағы
№ 349 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің ҚҰРЫЛЫМЫ

Басшылық

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросы (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет)

Мемлекеттік қызмет департаменті

Мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау департаменті

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат департаменті

Мемлекеттік қызметтер көрсету департаменті

Стратегиялық әзірлемелер және халықаралық бағдарламалар департаменті

Жұртшылықпен байланыс департаменті

Әкімшілік департаменті

Заң департаменті

Мемлекеттік құпияларды қорғау және ақпараттық қауіпсіздік басқармасы

Персоналды басқару қызметі

Ішкі аудит қызметі

Төраға хатшылығы

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2016 жылғы 5 қазандағы
№ 349 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы туралы" 1999 жылғы 22 қаңтардағы № 6 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығында:

1-тармақта:

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері министрлігі" деген жол алып тасталсын.

2. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесін одан әрі оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қаңтардағы № 29 Жарлығында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., № 1, 2-құжат):

жоғарыда аталған Жарлыққа 1-қосымшада:

"Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету

департаменті (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының аппараты), оның ішінде:	6203
облыстардағы, астанадағы және республикалық маңызы бар қалалардағы аумақтық органдар (сот әкімшілері)	5975"

деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі, оның ведомствосы және олардың аумақтық органдары	2309".
--	--------

3. Күші жойылды – ҚР Президентінің 31.07.2023 № 290 Жарлығымен.

4. "Қазақстан Республикасының әскери қызметшілері, арнаулы мемлекеттік органдары, құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызметі мен прокуратура органдарының қызметкерлері лауазымдарының санаттары бойынша тізілімдерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы № 1283 Жарлығына ("Қызмет бабында пайдалану үшін" белгісімен).

5. Күші жойылды - ҚР Президентінің 05.05.2018 № 681 Жарлығымен.

6. "Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 11 наурыздағы № 552 Жарлығында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., № 12-13, 116-құжат):

1) жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі туралы ережеде:

32-тармақтың 1) тармақшасының алтыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"сот төрелігін жүзеге асыру, қылмыстық қудалау, анықтау, алдын ала тергеу және жедел іздестіру қызметі функцияларын жүзеге асыруға байланысты емес мәселелер бойынша тиісінше - Жоғарғы Сотқа, Бас прокуратураға, Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігіне; Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментіне (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының аппаратына);";

2) жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың тізбесінде :

"Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі".

7. "Мемлекеттік рәміздер және Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін кейбір мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, құқық қорғау органдарының, соттардың, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың ведомстволық және оларға теңестірілген өзге де наградаларының геральдикасы мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 30 қыркүйектегі № 155 Жарлығында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 55, 783-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін кейбір мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, құқық қорғау органдарының, соттардың, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың ведомстволық және оларға теңестірілген өзге де наградаларының тізбесі мен сипаттамаларында:

Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін кейбір мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, құқық қорғау органдарының, соттардың, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың ведомстволық және оларға теңестірілген өзге де наградаларының тізбесінде:

"Медальдар" деген бөлімде:

6-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросы (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет):";

"Төсбелгілер:" деген бөлімде:

мынадай мазмұндағы 1-3-тармақпен толықтырылсын:

"1-3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі:

"Үздік мемлекеттік қызметші".";

6-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросы (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет):";

Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін кейбір мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, құқық қорғау органдарының, соттардың, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың ведомстволық және оларға теңестірілген өзге де наградаларының сипаттамаларында:

"Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросының (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) медальдары" деген бөлімде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросының (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің) медальдары";

"І дәрежелі "Мінсіз қызметі үшін" (28-қосымша)" деген кіші бөлімде:

1) екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Медальдің бет жағында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросының (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің) эмблемасы орналасқан, оның реңі көк түсті эмальмен құйылған. Эмблеманың ортаңғы бөлігінде күн аясындағы шаңырақ, оның астында қалықтаған қыран бейнеленген. Үстінен " БІЗДІҢ МІНДЕТ", астынан "ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ" деген жазумен жиектелген. Эмблема алтын түспен дайындалған.";

2) төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Эмблеманың төменгі жағында сыртқы нобайын айналдыра Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросы (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) эмблемасының ою-өрнегіне ұқсас ою-өрнекпен жиектеледі.";

"ІІ дәрежелі "Мінсіз қызметі үшін" (29-қосымша)" деген кіші бөлімде:

1) екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Медальдің бет жағында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросының (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) эмблемасы орналасқан, оның реңі көк түсті эмальмен құйылған. Эмблеманың ортаңғы бөлігінде күн аясындағы шаңырақ, оның астында қалықтаған қыран бейнеленген. Үстінен " БІЗДІҢ МІНДЕТ", астынан "ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ" деген жазумен жиектелген. Эмблема күміс түспен дайындалған.";

2) төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Эмблеманың төменгі жағында сыртқы нобайын айналдыра Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросы (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) эмблемасының ою-өрнегіне ұқсас ою-өрнекпен жиектеледі.";

"ІІІ дәрежелі "Мінсіз қызметі үшін" (30-қосымша)" деген кіші бөлімде:

1) екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Медальдің бет жағында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросының (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің) эмблемасы

орналасқан, оның реңі көк түсті эмальмен құйылған. Эмблеманың ортаңғы бөлігінде күн аясындағы шаңырақ, оның астында қалықтаған қыран бейнеленген. Үстінен "БІЗДІҢ МІНДЕТ", астынан "ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ" деген жазумен жиектелген. Эмблема қола түспен дайындалған.";

2) төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Эмблеманың төменгі жағында сыртқы нобайын айналдыра Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросы (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) эмблемасының ою-өрнегіне ұқсас ою-өрнекпен жиектеледі.";

"Құқық тәртібін қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін" медалі (31-қосымша)" деген кіші бөлімде:

1) екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Медальдің бет жағында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросының (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің) эмблемасы орналасқан, оның реңі көк түсті эмальмен құйылған. Эмблеманың ортаңғы бөлігінде күн аясындағы шаңырақ, оның астында қалықтаған қыран бейнеленген. Үстінен "БІЗДІҢ МІНДЕТ", астынан "ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ" деген жазумен жиектелген.";

мынадай мазмұндағы бөліммен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төсбелгісі

"Үздік мемлекеттік қызметші" (79-3-қосымша)

"Үздік мемлекеттік қызметші" төсбелгісі жезден жасалған және сегіз ұшты көп қырлы жұлдыз нысанында болады. Белгінің қарама-қарсы ұштары арасындағы өлшемі 35 мм.

Жұлдыздың ортасында диаметрі 20 мм шеңбер орналасқан, оның аясы ақ эмальмен боялған, шеңбердің ортасында 24 сәулесі бар күн және астында қалықтаған бүркіттің бейнесі бар.

Шеңбердің жоғары жағында "ҮЗДІК", ал төменгі жағында "МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ" деген жазу түсірілген, оның аясы көк эмальмен боялған. Жазулардың арасында ұлттық орнамент түсірілген.

Айналасы ернеумен жиектелген. Белгідегі барлық бейнелер мен жазулар бедерленген.

Белгі құлақша мен шығыршық арқылы Мемлекеттік Ту түсті жібек қатқыл лентамен тысталған ені 25 мм және биіктігі 15 мм тік бұрышты тағанға жалғанады.

Белгі киімге визорлы бекіткіші бар түйреуіш арқылы бекітіледі.";

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросының (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің) төсбелгілері" деген бөлімде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросының (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің) төсбелгілері";

"І дәрежелі "Үздік қызметкер" (92-қосымша)" деген кіші бөлімде:

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Медальдің бет жағында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросының (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің) эмблемасы орналасқан, оның реңі көк түсті эмальмен құйылған. Эмблеманың ортаңғы бөлігінде күн аясындағы шаңырақ, оның астында қалықтаған қыран бейнеленген. Үстінен " БІЗДІҢ МІНДЕТ", астынан "ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ" деген жазумен жиектелген.";

"ІІ дәрежелі "Үздік қызметкер" (93-қосымша)" деген кіші бөлімде:

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Медальдің бет жағында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросының (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің) эмблемасы орналасқан, оның реңі көк түсті эмальмен құйылған. Эмблеманың ортаңғы бөлігінде күн аясындағы шаңырақ, оның астында қалықтаған қыран бейнеленген. Үстінен " БІЗДІҢ МІНДЕТ", астынан "ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ" деген жазумен жиектелген.";

"І дәрежелі "Үздік қызметші" (93-1-қосымша)" деген кіші бөлімде:

екінші және үшінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"Медальдің бет жағында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросының (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің) эмблемасы орналасқан, оның реңі көк түсті эмальмен құйылған. Эмблеманың ортаңғы бөлігінде күн аясындағы шаңырақ, оның астында қалықтаған қыран бейнеленген. Үстінен " БІЗДІҢ МІНДЕТ", астынан "ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ" деген жазумен жиектелген.".

Эмблеманың сыртқы нобайы қызыл лентамен жиектелген, оның жоғарғы жағында " ҮЗДІК ҚЫЗМЕТШІ" деген жазу ойылып жазылған. Лентаның астында, оның орталық бөлігінде қырланған алаңша шығып тұрады, оның қызыл түсті аясында белгінің дәрежесіне сәйкес келетін "І" деген рим цифры жазылған. Жазу мен алаңшаның арасында Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросының (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің) ою-өрнегімен бірдей ұқсас ою-өрнек орналасқан.";

"ІІ дәрежелі "Үздік қызметші" (93-2-қосымша)" деген кіші бөлімде:

екінші және үшінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"Медальдің бет жағында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросының (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің) эмблемасы орналасқан, оның реңі көк түсті эмальмен құйылған. Эмблеманың ортаңғы бөлігінде күн аясындағы шаңырақ, оның астында қалықтаған қыран бейнеленген. Үстінен "БІЗДІҢ МІНДЕТ", астынан "ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ" деген жазумен жиектелген.

Эмблеманың сыртқы нобайы қызыл лентамен жиектелген, оның жоғарғы жағында "ҮЗДІК ҚЫЗМЕТШІ" деген жазу ойылып жазылған. Лентаның астында, оның орталық бөлігінде қырланған алаңша шығып тұрады, оның қызыл түсті аясында белгінің дәрежесіне сәйкес келетін "II" деген рим цифры жазылған. Жазу мен алаңшаның арасында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросының (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің) ою-өрнегімен бірдей ұқсас ою-өрнек орналасқан.";

жоғарыда аталған Жарлыққа қосымшаға сәйкес Сипаттамаларға 79-3-қосымшамен толықтырылсын;

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін кейбір мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, құқық қорғау органдарының, соттардың, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың ведомстволық және оларға теңестірілген өзге де наградаларымен марапаттау (ведомстволық және оларға теңестірілген өзге де наградаларынан айыру) қағидаларында:

"3. Ведомстволық наградалармен марапаттау негіздері" бөлімінде:

"Мінсіз қызметі үшін" төсбелгісі" бөлімінен кейін мынадай мазмұндағы бөліммен толықтырылсын:

"Үздік мемлекеттік қызметші" төсбелгісі

53-3. "Үздік мемлекеттік қызметші" төсбелгісімен мемлекеттік қызметті дамытуға елеулі үлес қосқан, кемінде 15 жыл мінсіз қызмет өтілі бар мемлекеттік қызметшілер марапатталады.";

"I, II дәрежелі "Үздік қызметші" төсбелгісі" бөлімінде:

65-1 және 65-2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"65-1. "Үздік қызметші" төсбелгісімен өзінің қызметтік міндеттерін үлгілі орындаған, қызметтік іс-қимылындағы жоғары көрсеткіштері және мінсіз қызметі үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросының (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің) және оның аумақтық органдарының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері марапатталады.

65-2. "Үздік қызметші" төсбелгісі екі дәрежеден тұрады:

1) мемлекеттік органдарда бес және одан да көп жыл, оның ішінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросында (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметте) және оның аумақтық органдарында кемінде екі жыл қызмет өтілі үшін марапаттауға - I дәрежелі "Үздік қызметші" төсбелгісі;

2) мемлекеттік органдарда кемінде үш жыл, оның ішінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросында (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметте) және оның аумақтық органдарында кемінде бір жыл қызмет өтілі үшін марапаттауға - II дәрежелі "Үздік қызметші" төсбелгісі;"

жоғарыда аталған Жарлыққа 1-қосымшада:

Мемлекеттік рәміздер мен ведомстволық және оларға теңестірілген өзге де наградалар геральдикасы мәселелері жөніндегі республикалық комиссияның құрамында:

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері министрі" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы".

8. "Қазақстан Республикасының дипломатиялық және қызметтік паспорттарын ресімдеу, беру, ауыстыру, тапсыру, алып қою, есепке алу, сақтау және жою қағидаларын және Қазақстан Республикасының дипломатиялық және қызметтік паспорттары берілетін Қазақстан Республикасының лауазымды адамдарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 13 қаңтардағы № 722 Жарлығында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2014 ж., № 1, 2-күжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының дипломатиялық және қызметтік паспорттары берілетін Қазақстан Республикасы лауазымды адамдарының тізбесінде:

"Қазақстан Республикасының қызметтік паспорты берілетін адамдардың тізбесі" деген бөлімде:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Аумақтық органдардың қызметкерлерін қоспағанда, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Қазақстан Республикасы "Сырбар" Сыртқы барлау қызметінің, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросының (Сыбайлас жемқорлыққа

қарсы қызметтің) және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің офицер атағы бар және (немесе) құқық қорғау қызметін іске асыратын қызметкерлері."

9. "Мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 150 Жарлығында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2015 ж., № 70-71, 520-күжат):

Мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізілімінде:

1. Мемлекеттік саяси лауазымдар деген тарауда:

"Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросының төрағасы" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросының басшысы";

2. Мемлекеттік әкімшілік лауазымдар деген тарауда:

"А" корпусында:

1-санатта:

"Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі, Президентінің Іс басқармасы, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті аппараттарының басшылары, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты аппаратының) басшысы" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі, Президентінің Іс басқармасы, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі аппараттарының басшылары, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты аппаратының) басшысы";

"Қазақстан Республикасы Парламенті палаталары, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесі, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты аппараты) құрылымдық бөлімшелерінің басшылары" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Парламенті палаталары, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесі, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты аппараты) құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі мен оның ведомствосы департаменттерінің директорлары";

аталған жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі аумақтық органдарының басшылары - әдеп жөніндегі кеңестердің төрағалары";

"Б" корпусында:

"В санаттарының тобы" деген бөлімде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының аппараттары, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының аппараты), Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің аппараты, Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің аппараты, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының аппараты, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі мен оның ведомствосы";

В-1 санатында:

"Құрылымдық бөлімше басшысының орынбасары" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі мен оның ведомствосы департаменті директорының орынбасары";

В-2 санатында:

"Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесінің, Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының бас инспекторы" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі мен оның ведомствосы басқармасының (қызметтің) басшысы";

В-3 санатында:

"Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқарушысының, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының көмекшісі, кеңесшісі" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқарушысының, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағаларының көмекшісі, кеңесшісі";

С санаттарының тобында:

"Орталық мемлекеттік органдардың өңіраралық және облыстық бөлімшелері мен олардың ведомстволары, орталық мемлекеттік органдардың астанадағы, республикалық маңызы бар қаладағы бөлімшелері" деген бөлімде:

С-О-1 санатында:

"Басшы" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Басшы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі аумақтық органының басшысын қоспағанда":

С-О-2 санатында:

"Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Әдеп жөніндегі кеңесі хатшылығының меңгерушісі" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Әдеп жөніндегі кеңесі хатшылығының меңгерушісі";

С-О-3 санатында:

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері министрлігі аумақтық органының құрылымдық бөлімшесінің басшысы" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі мен оның ведомствосының аумақтық органы басқармасының басшысы".

10. "Азаматтардың "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметіне кіруінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 151 Жарлығында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2015 ж., № 70-71, 521-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын арнайы біліктілік талаптарында:

5-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы, Қазақстан Республикасы Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі

есеп комитеті, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының Кеңесі, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі аппараттарының басшылары, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты аппаратының) басшысы;"

7-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесінің, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, Қазақстан Республикасының Президенті Іс басқармасының, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті аппараттарының, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының аппараты) құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі және оның ведомствосы департаменттерінің директорлары лауазымдарын қамтиды.";

8-тармақ мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі аумақтық органдарының басшылары - әдеп жөніндегі кеңестердің төрағалары".

11. "Мемлекеттік қызмет өткерудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 152 Жарлығында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2015 ж., № 72-73-74, 534- құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану қағидаларында:

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Қызметтік әдеп нормаларын бұзуға, оның ішінде мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтарға жол берген В-1, С-1, С-2, сондай-ақ С-О-1, С-О-2 санаттарындағы мемлекеттік қызметшілердің тәртіптік жауаптылығын мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның тәртіптік жауаптылыққа тарту туралы ұсынымдарды тұжырымдайтын Әдеп жөніндегі комиссиясы (бұдан әрі - Әдеп жөніндегі комиссия) қарайды.

Әдеп жөніндегі комиссия туралы ережені мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган бекітеді.";

68-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Дауыстар тең болған кезде төрағалық етушінің даусы шешуші болады.".

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 16.08.2017 № 532 Жарлығымен.

12. "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ұлттық баяндаманы дайындау, Қазақстан Республикасының Президентіне енгізу және оны жариялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 154 Жарлығында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2015 ж., № 75-76, 553-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ұлттық баяндаманы дайындау, Қазақстан Республикасының Президентіне енгізу және оны жариялау қағидаларында:

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Ұлттық баяндаманы:

1) уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігіне - есепті жылдан кейінгі жылдың 15 ақпанынан кешіктірмей;

2) Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Қазақстан Республикасының Президентіне - есепті жылдан кейінгі жылдың 25 наурызынан кешіктірмей ұсынады.".

13. "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы әдеп жөніндегі кеңестері туралы ережені бекіту туралы" 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 156 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2015 ж., № 77-78-79, 573-құжат):

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы әдеп жөніндегі кеңестері туралы ережені бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы әдеп жөніндегі кеңестері туралы ережесі бекітілсін.";

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы әдеп жөніндегі кеңестері туралы ережеде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы әдеп жөніндегі кеңестері туралы ереже";

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Ереже Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыстардағы, республикалық маңызы бар

қалалардағы, астанадағы әдеп жөніндегі кеңестерінің мәртебесін, өкілеттіктерін және қызметін ұйымдастыруды айқындайды.":

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы әдеп жөніндегі кеңестері (бұдан әрі - Әдеп жөніндегі кеңес) Агенттіктің алқалы органдары болып табылады.";

Мәтін бойынша "Министрлік", "Министрліктің" деген сөздер, тиісінше, "Агенттік", "Агенттіктің" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс органы Агенттіктің аппарат басшысы Агенттіктің аумақтық органының құрылымдық бөлімшелері қатарынан айқындайтын хатшылық болып табылады.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс регламентін Агенттіктің төрағасы бекітеді.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Агенттіктің аумақтық органының басшысы лауазымы бойынша Әдеп жөніндегі кеңестің төрағасы болып табылады, оны Агенттіктің төрағасы лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады.";

9-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Әдеп жөніндегі кеңестің дербес құрамын Агенттік төрағасының қарауына және бекітуіне енгізеді";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Әдеп жөніндегі кеңес төрағасының ұсынуы бойынша Агенттіктің аппарат басшысы Әдеп жөніндегі кеңестің дербес құрамын бекітеді.";

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Әдеп жөніндегі кеңестің төрағасы болмаған кезде оның тапсырмасы бойынша Әдеп жөніндегі кеңес мүшелерінің бірі төрағаның міндеттерін атқарады. Бұл ретте, ол болмаған кезеңде тәртіптік істі қозғау, тоқтата тұру және қайта жалғастыру жөніндегі өкілеттіктерді Агенттіктің аумақтық органы басшысының міндеттерін орындайтын адам жүзеге асырады.";

28-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:


"Әдеп жөніндегі кеңес материалдар мен құжаттардың құқық қорғау немесе өзге де уәкілетті мемлекеттік органдарға жіберілгені туралы үш жұмыс күні ішінде Агенттікті хабардар етеді.";

30-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"30. Хатшылықты Агенттіктің аппарат басшысы лауазымға тағайындайтын және лауазымнан босататын хатшылық меңгерушісі басқарады.".

Президентінің
2016 жылғы 5 қазандағы
№ 349 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН
Сипаттамаларға
79-3-қосымша

"Үздік мемлекеттік қызметші" төсбелгісі



Материал:
- сары түсті металл (жез)
Аверс:
- шығыңқы жылтырақ бедер
Эмальдар:
- ақ эмаль (G 0562)
- көгілдір эмаль (68754)
Реверс:
- үсті күңгірт
Қадама:
- сары түсті металл (жез)
Бөжітілуі:
- түйреуіш



Көлемі 1:1